



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
Қ А У Л Ы С Ы**

Алматы қаласы

2007 жылғы 16 тамыз

№ 163

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан
банкаралық есеп айырысу орталығы»
шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық
мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелерінде төлем құжаттарын
қабылдау және өңдеу жөніндегі кестені
бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Орталық) төлем жүйелерінде төлем құжаттарын қабылдауды және өңдеуді реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Директорлар кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелерінде төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу кестесі (бұдан әрі - Кесте) бекітілсін.

2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Директорлар кеңесінің «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелерінде төлем құжаттарын қабылдау және өңдеу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 9 желтоқсандағы № 285 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

4. Төлем жүйелері департаменті (Мұсаев Р.Н.) осы қаулы қабылданған күннен бастап жеті күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және филиалдарына, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігіне, Орталыққа, Орталықтың төлем жүйелерін пайдаланушыларға жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.М. Сартбаевқа жүктелсін.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Ә. Сәйденов

Қазақстан Республикасының
 Ұлттық Банкі
 Директорлар кеңесінің
 2007 жылғы 16 тамыздағы
 № 163 қаулысымен
 бекітілген

**«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан
 банкаралық есеп айырысу орталығы»
 шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық
 мемлекеттік кәсіпорнының төлем жүйелерінде төлем құжаттарын
 қабылдау және өңдеу кестесі**

№ р/с	Жұмыстың атауы	Уақыты	
		жұмыстың басталуы	жұмыстың аяқталуы
1.	Орталықтың банкаралық ақша аударымы жүйесінің (бұдан әрі – банкаралық жүйе) операциялық күні басталар алдында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банкаралық жүйені пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшенің (бұдан әрі - пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімше) банкаралық жүйені пайдаланушылардың тұрақты қолданылатын төлем тапсырмалары негізінде банкаралық жүйенің Ұлттық Банктегі шотына Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік шоттарынан ақша аударымын жүзеге асыруы. Пайдаланушылар өздерінің корреспонденттік шоттарынан банкаралық жүйенің Ұлттық Банктегі шотына олар аударған ақша сомасы және олардың банктік бірегейлендіру кодтары туралы ақпараты бар электрондық ведомосты қалыптастыру және Орталыққа жіберу. Орталықтағы банкаралық жүйенің позициясынан пайдаланушылардың позициясына осы электрондық ведомосты негізінде Орталықтың жазбаларды жүзеге асыруы.	08-00	09-00
2	Орталықтың банкаралық жүйе арқылы ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыруы үшін банкаралық жүйені пайдаланушылардан төлем құжаттарын қабылдауы.	09-00	19-00

3	Орталықтың банкаралық жүйе арқылы ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру үшін төлем құжаттарын өңдеуі.	09-00	19-00
4	<p>Банкаралық жүйенің операциялық күні ішінде пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімше пайдаланушының нұсқауы негізінде немесе корреспонденттік шот шартында көзделген жағдайларда пайдаланушының корреспонденттік шотынан банкаралық жүйенің Ұлттық Банктегі шотына ақша аударуды жүзеге асыруы. Банкаралық жүйенің Ұлттық Банктегі шотына пайдаланушының өзінің корреспонденттік шотынан ол аударған ақша сомасы және оның банктік бірегейлендіру коды туралы ақпарат бар электрондық ведомосты қалыптастыру және Орталыққа жіберу.</p> <p>Орталықтың осы электрондық ведомосты негізінде Орталықтағы банкаралық жүйенің позициясынан пайдаланушының позициясына жазбаны жүзеге асыруы.</p>	09-00	19-00
5	<p>Пайдаланушының нұсқауы негізінде немесе корреспонденттік шот шартында көзделген жағдайларда банкаралық жүйенің операциялық күні ішінде пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшенің Орталыққа банкаралық жүйеден пайдаланушының ақшасын алу жөнінде электрондық ведомосты қалыптастыруы және Орталыққа жіберуі.</p> <p>Орталықтың осы электрондық ведомосты негізінде пайдаланушының позициясынан банкаралық жүйенің Орталықтағы позициясына жазбаны жүзеге асыруы, пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшеге жазбаның жүзеге асырылғаны туралы электрондық растаманы жіберуі.</p> <p>Пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшенің Орталықтың растамасы негізінде банкаралық жүйенің Ұлттық Банктегі шотынан пайдаланушының корреспонденттік шотына ақша аударымын жүзеге асыруы.</p>	09-00	19-00

6	<p>Орталықтың банкаралық жүйенің операциялық күнін жабу кезінде Орталықтағы банкаралық жүйенің позициясына пайдаланушылар позициясынан сальдо аударуды жүзеге асыруы.</p> <p>Орталықтың пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшеге пайдаланушының банктік бірегейлендіру коды, пайдаланушының позициясы бойынша кіріс қалдығы, дебет, кредит бойынша жалпы айналым сомасы және пайдаланушының шығыс позициясының сальдосы туралы электрондық ведомосты жіберуі.</p> <p>Пайдаланушылардың корреспонденттік шоттарына қызмет көрсететін бөлімшенің Ұлттық Банктегі банкаралық жүйе шотынан пайдаланушының корреспонденттік шотына пайдаланушы позициясының сальдо сомасында ақша аударуы.</p>	19-00	20-00
7	Орталықтың банкаралық жүйеде операциялық күн ішінде жүргізілген төлем құжаттары туралы ақпарат бар түпкілікті көшірме жазбаларды, сондай-ақ жүргізілмеген төлем құжаттары ведомостарын банкаралық жүйені пайдаланушыларға электрондық түрде беруі.	19-00	20-00
8	Орталықтың клиринг жүйесінің төлем құжаттарын қабылдауы және өңдеуі.	16-00	келесі жұмыс күні 15-00
9	Орталықтың клиринг жүйесін пайдаланушылардың қарсы талаптары мен міндеттемелерін түпкілікті есепке алуы және олардың таза позицияларын айқындауы. Банкаралық жүйе арқылы клиринг нәтижелері бойынша ақша аудару	15-00	16-00
10	Орталықтың клирингтік жүйесін пайдаланушыларға Орталықтың операциялық күн ішінде клиринг жүйесінде өңделген төлем құжаттары туралы ақпарат бар түпкілікті көшірме жазбаларды, клиринг нәтижелері бойынша пайдаланушының таза позициясы туралы ақпаратты, сондай-ақ жүргізілмеген төлем құжаттары ведомостарын және осы пайдаланушының пайдасына түскен барлық төлем құжаттарын электрондық түрде беруі.	15-00	17-00
11	Орталықтың банк хабарламаларын алмасу жүйесінің жұмыс уақыты.	08-00	келесі жұмыс күні 08-00